

## **ЛЕКЦИЯ 5. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ДАМУЫ (ҚАЗАҚ КҮРЕСІ, АТ СПОРТЫ, САЯТШЫ, ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ).**

### **1. Жоспары:**

1. Оқыту-жаттығу жұмыстарының мазмұны, мақсаты және ерекшелігі. Оқыту-жаттығудың мақсаты. Негізгі жаттығу түрлері. Оқыту мен дағдыны қалыптастыру. Қозғалыс дағдысы дегеніміз не?

2. Сабақ мақсатына қарай үйрету әдістемелерін таңдап алу. Оқытудың дидактикалық қағидаларын қолдану. Оқытудың тәрбиелік мәні. Оқытудың ғылымилығы. Оқытудың еріктілігі. Көрнектілігі. Жүйелілігі.

3. Саптық жаттығуларды үйретудің ерекшелігі. Жалпы жаттығу және арнайы жаттығуларды үйрету ерекшеліктері. Жаттығудан кейінгі демалуды ұйымдастыру.

**2 Мақсаты мен міндеттері:** Студенттерге теориялық білім беру, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету

**3 Лекция мазмұны (қысқаша):** Көшпелі тұрмысқа байланысты дала халықтары да өздерінің ойындарын ойлап шығарған. Міне, осындай жұртқа ортақ, жас ұрпақты жан-жақты шынықтырып, көңіл көтеретін ойындар халықпен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді. Қазақ халқының да көңіл көтеруге арналған көптеген ойындары болған. Алайда, соларды бәз баяғы күйінде пайдалану міндетті емес, оны уақыт талабына сай өзгертуге, өңдеуге болады. Мысалы, өлең, жыр, музыкаға, тапқырлыққа байланысты көптеген ұлттық ойындарды қазір теледидар арқылы ұйымдастыруға да болар еді.

Ұлттық ойындарды оқытып үйретудің маңызы өте зор. Әр ойынның өзіндік мақсаты, маңызы бар. Олардың көбісі адамның денесін шынықтырып, буынын бекітуге, шапшаңдыққа, алғырлыққа, жүректілікке баулыса, кейбіреулері тіл байытуға, тіл сындыруға, өзін қоршаған табиғатты тануға, тапқырлыққа баулиды.

Ұлттық спорт түрінен сабақ беру пәндері ретіндегі арнайы білім мен қозғалыс-қимылы әрекеті мұғалімнен белгілі бір оқытып үйрету жолдарын білуді талап етеді. Оқытып үйретудің әдістері өте көп және оның бірде біреуі әмбебап бола алмайды.

Оқытып үйрету әдісінің сипаттамасын білу, осы әдістердің көп түрлілігін дұрыс бағдарлауға және оқу міндеттерінің барынша тиімдісін таңдап алу үшін мүмкіндік береді.

*Әдіс* (метод) – бұл әр түрлі жағдайда және әр түрлі студенттер контингентімен кең ауқымдағы міндеттерді шешуге болатын әрекет түрі. Мысалы, көрсету әдісімен қозғалыс әрекетін таныстыру және оны жетілдіру,

студенттермен және ересектермен жұмыс істеу кезінде барынша әр түрлі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

*Әдістемелік тәсіл* – бұл тек кейбір нақтылы жағдайларда, жекелеген міндеттерді шешу кезінде іске асырылатын әрекет түрі. Мысалы, жаттығуды студенттерге қырынан қарап тұрып көрсету.

Сонымен, егер әдістер кешенімен (мысалы, түсіндірумен, көрсетумен және іс жүзінде үйретумен) алға қойылған міндетті орындауға болса (мысалы, секіруді үйрету), онда әдістемелік тәсілдердің жүйесі белгілі бір нақтылы оқытып үйрету жағдайымен сәйкес келетін әдістерді іске асырудың нақтылы түрлері ретінде алға шығады (мысалы, секіруді көрсету кезінде қырынан немесе қарсы алдынан немесе екеуін де көрсету). Кез келген әрбір әдісте неше түрлі әдістемелік тәсілдер болуы мүмкін. Олардың көптігі соншалықты атауын санап жаңылысасың.

Олардың бір сыпырасы ізін жойып отырады, түр өзгерістеріне ұшырайды, оқытушының шығармашылығында жаңалары пайда болады. Бұл, негізінен, оқытушының сабақ беру деңгейінің айырмашылығынан, атап айтқанда, олардың әдістемелік тәсілдерді меңгеру деңгейімен түсіндіріледі. Тәжірибесіз оқытушының әдісті әдістемелік тәсілдің тек сыртқы сипаты ретінде қабылдайды. Мысалы, жанама жаттығулардың жүйесін құрастыра алмау бөліктерге бөліп үйрету әдісінің әдістемелік тәсілге айналуына әкеледі, яғни педагогикалық іс-тәжірибеде кейбір жекелеген жағдайларда қолданылады.

Оқытып үйрету әдістеріне қойылатын жалпы талаптар.

Қайсыбір әдістердің әрбір нақтылы жағдайда қолданылуы бірқатар талаптарды сақтаумен қамтамасыз етіледі:

1. Әдістің ғылыми негізделгендігі – материалистік ілімі тұрғысынан қарағанда таным ілімі және адамның жоғары ақыл-ой жүйесіне қызметі туралы материалистік ілім.

2. Оқытып үйретудің қойылған міндетті шешуге сәйкестігі. Нақтылы міндеттің болмауы оқытып үйрету әдістерін дұрыс таңдауға мүмкіндік бермейді. Егер, мысалға алатын болсақ, сабақты «ешкіден» екі аяқты ашып, қолды тіреп секіруді үйрету міндеті қойылған болса, онда оқытып үйрету әдісін анықтау мүмкін болмайды (бөліктерге бөліп үйрету әдісіне және бүтіндей үйрету әдісіне бағдар жасауға болады). Барынша нақтылы міндеттерді шешуде, мысалы, «ешкіден( екі қолды тіреп, екі аяқты ашып секіруді үйреткенде, бөліктерге бөліп үйрету әдісін қолдану қажеттілігі туындайды.

3. Оқытып үйретудің тәрбиелеу сипатын қамтамасыз ету. Әрбір таңдап алынған әдіс берілген қозғалыс әрекетіне оқытып үйрету жүйелігінің

тиімділігін қамтамасыз етілуімен ғана бағаланбауы тиіс, яғни, қазіргі заманғы өскелең өмір тәжірибесі талабы деңгейінде болуы шарт.

4. Әдістердің қолданылуы оқыту принциптері жүйелерінің сәйкестігімен іске асуына сүйенуі тиіс. Бір жақты әдістің жеке алынған принциппен байланысын мазмұндау дұрыс емес. Мысалы, егер мұғалім көрсету әдісін қолданды десек – онда ол көрнекілік принципін толық шешеді. Белгілі болғандай, бұл принцип бүтіндей әдістер жүйесі арқылы іске асырылады.

5. Оқу материалының ерекшелік, өзгешелікке (спецификаға) сайлылығы. Оқытып үйрету әдістерінің ұлттық спорт түрлері арасында белгілі бір тәуелділігі бар. Кейбір жағдайда тек сөзбен айту әдісімен шектелу дұрыс сұрақ, ал күрделірек тапсырмаларда көрсету әдісін қолдануға болады. Ойындық, гимнастикалық, спорттық және туристік жаттығулардың жеке өздерінің меншікті оқытып үйрету әдістері болмайды. Олар дене жаттығуларының барлық түрлері үшін бірдей. Сонымен бірге осы түрлері көп жағдайда әр бірі бірдей әдістемелік тәсілдерді пайдалануға қолайлы болып тұрады және аз жағдайда басқаларын пайдалануға бейім.

6. Студенттердің жеке және топпен дайындалғандығының сәйкестігі. Мысалы, жақсы дайындықтан өткен оқушыларға кейбір қозғалыс-қимыл әрекеттерін үйренгенде, бөліктерге бөліп үйрету әдісін қолдану ыңғайлы емес, ал аз дайындықтан өткендерге бұл қозғалыс-қимыл әрекеттерін меңгерту үшін жанама жаттығуларды игерту арқылы орындалады.

Сөзбен түсіндіру әдісін пайдалану кезінде студенттердің жалпы білім деңгейін, әсіресе тианақты, тыңғылықты ескеру керек. Егер олардың жалпы білім деңгейі жеткілікті, жоғары болса, онда шұғыл бұрылыстармен (виражбен) жүгіруді түсіндіргенде, мысалы, олардың білімін физика пәні ауқымынан пайдалану керек.

7. Оқытушының жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінің сәйкестігі. Әрине әрбір ұстаз-педагог барлық оқытып үйрету әдістерін толық көлемде меңгеруі тиіс. Дегенмен, қатарынан көптеген себептерге қарай бір мұғалімдер бір әдісті меңгереді, бұл ерекшеліктерін ескермеске болмайды. Егер, нақтылы жағдайда екі әдістен, мысал үшін, бірдей нәтиже шықса оны оқытушының өзі жақсы меңгерген әдіспен пайдаланғаны дұрыс.

8. Сабақтың жағдайының сәйкестігі. Мысалы, мектеп сабағында арқанға өрмелеуді үйрету кезінде және екі-үш арқан қосымша тұрса, бүтіндей әдіспен үйретуді қолдануы дұрыс болмас еді. Дәл бұл жағдайда тығыздығы өте төмен болған еді. Мұғалім сөзбен түсіндіру әдісін қолданбас бұрын залдың акустикалық (дыбыс әуенінің шығару) қасиетін, алаңның көлемін ақыл-оймен саралап есептеуі тиіс.

9. Әдістердің әр түрлілігі. Әдістердің ішінде тек біреуі ғана негізгі немесе тек біреуі ғана әмбебап болып танылуы мүмкін емес. Әртүрлі әдістерді қолдану арқылы оқытып үйретуде үлкен жетістіктерге жетеді. Нашар әдістің болмайтындығын есте сақтаған дұрыс. Әрбір оқыту әдісі өзінше жақсы. Оларды пайдалануда қабілеті жоқ сауатсыз (нашар) мұғалімдер етеді. Бұл педагогикалық сәттерде әдістердің пайдалы әсер еткені, екіншісінде олай әсер етпеуі, тіпті зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан педагогикалық қызмет барысында оқытып үйрету әдістерінің жүйесін пайдалану қажеттілігі туындаған. Бұл жүйелерде әдістердің күшті жақтары пайдаланылып және әлсіздері бейтарапталады. Бұл ереже іс-тәжірибеде оқу-тәрбие жүйесінде қолдау табады, яғни, көрсету кезінде сөзбен түсіндіріліп, суреттеу, нұсқау беру арқылы үйлестіріліп, түсіндіріледі.

Барлық шұғылданушыларға және жұмыс жағдайының барлығына бірдей жарайтын әдістің болуы мүмкін емес. Қайсы бір әдіс әмбебап әдіске теңеу мұғалімнің шығармашылық бастамашылдығын, белсенділігін тежейді, оқушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдалануына кедергі жасайды.

**Айтудың** - әңгіме түрінде мазмұндалып баяндалатын түрін мұғалім оқушылардың ойындық қызметінде қолданады.

**Суреттеу, бейнелеу** – бұл қозғалыс белгісінің сипатын, не істеу керектігінен және қозғалыс әрекеті туралы көрсетуді, бірақ неге олай екенін айтпай ұйымдастыру әдісі. Суреттеу жаңадан орындайтын қозғалыс әрекетінде немесе қарапайым қимылды үйрету кезінде көрсетіледі, яғни оқушылар өзінің білімін және қозғалу тәжірибесін пайдаланады.

**Түсіндіру** – қозғалыс әрекетіне саналықпен қарау қатынасын дамытудың маңызды әдісі болып саналады, ең басты «неге?» деген сұраққа жауап береді.

**Әңгімелесу, кеңесу** – бірінші жағынан, оқушылардың белсенділігін арттырады, өз ойын айта алу қабілетін дамытады, ал екінші жағынан, мұғалімге өзінің оқушыларын білуіне жұмысын бағалауына жәрдемдеседі. Әңгімелесу мұғалімнің сұрақ беруімен және оқушылардың жауап беруімен немесе өз көзқарастарын еркін былісулері түрінде өтеді.

**Талдау** – біржақты, тек мұғалім тарапынан немесе оқушы мен мұғалімнің қатысуымен пікірлесу түрінде екі жақты болуы мүмкін. Талдаудың әңгімелесуден айырмасы қандай да бір тапсырманы орындағаннан соң өткізіледі. Мұнда талдаудың екінші түрі, яғни оқушы мен мұғалімнің әңгімелесуі, пікірлесу әдісі білім беру және тәрбиелеу міндеттерін үлкен тиімділікпен шешуге мүмкіндік туғызады.

**Тапсырма беру** – сабақтың алдында немесе сабақ барысында жекеленген міндеттерді шешуге жағдай жасауға жәрдемдеседі. Тапсырманың

бірінші түрінде мұғалім орындалатын жаттығудың барлық орындау әдістерін түсіндіреді, Ал оқушыларға тек қойылған талапты орындау ғана қалады. Тапсырманың екінші түрі оқушылар үшін бірінші күрделілеу, өйткені мұнда олар орындайтын міндеттерінің тұжырымдамасын ғана алады, ал оны шешу әдістерін өз беттерінше ізденуі тиіс.

**Нұсқау беру** – қысқашалығымен айырмаланады және сөзсіз орындалуды талап етеді. Нұсқау алу арқылы оқушылар міндеттерді шешуге және ешбір негіздемесіз оны орындаудағы қателіктерін түзеуге бағдарлама алады. Оқушылардың сабақ барысындағы міндеттерді шешуін бағалау, оқыту құрылымындағы қозғалыс әрекеттерін талдаудың нәтижесі болып табылады.

**Бұйрық беру** – дене тәрбие жүйесіндегі сөзді пайдаланып, оқушыларға берілген тапсырма, міндеттірді орындату әдісінің барынша таралған және ерекше түрі.

### **Оқыту үйретудің құрылымы**

Кез келген қозғалыс әрекетін оқытып үйрету белгілі бір айқындалған уақыт кезігінде іске асырылады. Оқытып үйретудің әрбір кезеңі өзінің жеке міндеттерімен және кейбір басты белгілерінен сипатталады. Осы міндеттердің сабақтастығы есепке алыс мұғалімнің оқытып үйрету әдістемесін дұрыс құрастырып, сонымен бірге оқыту принциптерін сауатты іске асырып, бірыңғай жалғастырып және дайындық жаттығуларын, оқыту әдістері мен тәсілдерін дұрыс таңдауына болады.

**Оқытып үйретудің құрылымын жеке міндеттердің, принциптердің, әртүрлі кезеңдердегі құралдар мен әдістердің салыстырмалы түрде тұрақты байланысы құрайды.** Құрылым жекелеген қозғалыс әрекетіне үйретуді көрсетеді және салыстырмалы түрде бүтіндей аяқталған жұмыс ретінде алға шығады. Оның барлық бөлшектері берілген қозғалыс әрекетіне үйретудің соңғы міндетіне тәуелді. Егер соңғы оқыту үйрету міндеті қозғалыс дағдылары қалыптастыру болса онда үйрету шартты үш кезеңге бөлінеді:

**1. Қозғалыс әрекетімен таныстыру;**

**2. Үйрену;**

**3. Қозғалыс әрекетін жетілдіру;**

Педагогикалық іс-тәжірибеде үш кезеңдік құрылым анағұрлым көп кездеседі, өйткені ол қозғалыс әрекетін барынша жетілген деңгейіне жеткізеді. Жалпы дамыту дайындағының кейбір міндеттерін шешуде, сонымен бірге жалғастырылатын жаттығуларды меңгеруде, сол сияқты қозғалыс әрекетін дағдыға айналдырғанша алғашқы екі кезегімен шектеледі.

Оқытып үйрету кезеңдерін қозғалыс дағдыларының фазаларымен араластырып жіберуге болмайды.

**Фаза** – бұл биологиялық заңдылықтардың шартыкөріністердің қозғалыс дағдысына айналуы.

**Кезеңдер** - педагогикалық және биологиялық заңдылық көрінетін шартты түрдегі педагогикалық жүйесін бөлінуі. Әр кезеңнің созылу ұзақтығы көптеген қозғаушы күштерге тәуелді: оқушының дайындығына қозғалыс әрекетінің күрделілігіне және т.б. Оқытып үйретуді өзгермейтін құбылыс ретінде қарауға болмайды. Бұл оқытып үйретудің барынша жалпы заңдылықтырын көрсететін кезеңдер арасындағы тек типтік байланысы болып, нақтылы үйрету міндеттеріне қарай өзгерістеріне бөлінеді. Бірік мұғалім мен оқушы оқытып үйретудің барлық кезеңдерінде үйренетін қозғалыс әрекетін талдайды, оны бағалайтын және қателерін жөндейді.

**4 Оқытудың техникалық құралдары:** интеракт. тақта, проектор т.б.

**5 Лекцияның әдістері мен түрлері:** сұрақ-жауап, дөңгелек үстел

**6 Әр түрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар**

**1 деңгей**

- Оқыту-жаттығу жұмыстарының мазмұны, мақсаты және ерекшелігі.
- Оқыту-жаттығудың мақсаты.
- Негізгі жаттығу түрлері.

**2-деңгей**

- Оқыту мен дағдыны қалыптастыру.
- Қозғалыс дағдысы дегеніміз не?

**3-деңгей**

- Сабақ мақсатына қарай үйрету әдістемелерін таңдап алу.
- Оқытудың дидактикалық қағидаларын қолдану.
- Оқытудың тәрбиелік мәні.

**7 СӨЖ және ОБСӨЖ тапсырмалары (Өзіндік жұмысқа арналған тапсырма нұсқаулары көрсетіледі)**

- 3. Саптық жаттығуларды үйретудің ерекшелігі.
- Жалпы жаттығу және арнайы жаттығуларды үйрету ерекшеліктері.
- Жаттығудан кейінгі демалуды ұйымдастыру.

**8 Пайдаланған әдебиеттер**

**Негізгі әдебиеттер:**

1. Физическая подготовка единоборцев. Теоретико-практические рекомендации. ТВТ Дивизион Москва-2017 Д.В.Максимов, В.Н.
2. Ұлттық спорт ойындары. Оқу құралы. Альманахь. Алматы-2019. Б.А.Шилібаев.
3. Е.Алимханов. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері. Қазақ университеті баспасы. Монография. Алматы-2018.
4. Казакша курес. Учебное пособие. Алматы. Мектеп. 2011. П.Ф.Матущак, Е.М.Мухиддинов.